

Қазақстан Халықтық Банкінің Жарғылық қоры мен ішкі регламенті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 826

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің 1995 жылдағы қызмет нәтижесін қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Халықтық Банкінің жарғылық қорын 762 514 000 теңгеге дейін өсіру бекітілсін және Қазақстан Халықтық Банкінің Жарғысына тиісті өзгертулер енгізілсін.

2. Қазақстан Халықтық Банкі қызметінің ішкі регламенті бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Халықтық банкі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 шілдедегі N 916 P950916_ қаулысының 8-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 23, 264-бап);

"Қазақстанның Біріккен банкі" мемлекеттік банкін құру туралы"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 тамыздағы N 1101

P951101_

қаулысы;

"З.Х. Кәкімжанов туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 тамыздағы N 1102 қаулысы.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

28 маусымдағы 1996 жылғы

N 826 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі

қызметінің ішкі регламенті

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі қызметінің ішкі регламенті (бұдан әрі - Регламент) "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 65-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Банктің 100% акцияларының иесі болып табылатын кезеңдегі Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкі басқару органдарының қызмет тәртібін айқындайды.

Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары түрінде қабылданады.

Осы Регламентке сәйкес Банктің Байқаушы Кеңесіне Банк акционерлері Жалпы жиналысының мына шешімдерді қабылдау жөніндегі функциялары жүктеледі:

Банк Жарғысын өзгерту туралы;

Жарғылық қор көлемін өзгерту (ұлғайту немесе кеміту) туралы;

Банктің атқарушы органдарын, Тексеру комиссияларының мүшелері мен аудиторды сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;

Банктің жылдық қызметінің нәтижелерін атқарушы органдардың есептері мен Тексеру комиссиясының қорытындыларын қарау туралы, пайданы бөлу мен шығындардың орнын жабу туралы;

облигациялық заемдар шығарудың тәртібі мен шарттары туралы.

Банктің Байқаушы Кеңесі Банк акционерлері Жалпы жиналысының жоғарыда аталған функцияларын, сондай-ақ Банк Жарғысына сәйкес оған жүктелген функцияларды орындайды.

Банктің жылдық қызметінің нәтижелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.